

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-309/2020 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 26 мамырдағы № 58 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 26 мамырда № 38798 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-309/2020 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21858 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларында:

2-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) жеке әріптес – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – МЖӘ туралы ҚР Заңы) сәйкес мемлекеттік әріптестер ретінде әрекет ететін тұлғаларды қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан дара кәсіпкер, жай серіктестік, консорциум немесе заңды тұлға";

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"8) медициналық цифрлық жүйе (бұдан әрі – МЦЖ) – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін цифрлық жүйе;

9) медициналық-экономикалық тариф (бұдан әрі – МЭТ) – ТМККК шеңберінде онкологиялық аурулары бар он сегіз жасқа дейінгі балаларға стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсететін медициналық

ұйымдарға ақы төлеу үшін клиникалық хаттамалар негізінде қалыптастырылатын бір емделіп шығу жағдайы үшін орташа құн;"

16) және 17 тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"16) референттік денсаулық сақтау субъектісі – ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде тарифтерді әзірлеу және қайта қарау үшін ақпарат беру жөніндегі денсаулық сақтау субъектісі;

17) стационарлық науқастың медициналық картасы – уәкілетті орган бекіткен және стационарда көрсетілген медициналық көмектің сипатын, көлемі мен сапасын көрсететін пациенттердің денсаулық жағдайы туралы деректерді жазуға арналған денсаулық сақтау саласындағы есепке алу және есеп беру құжаттамасының нысаны;"

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі – цифрлық денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар (бұдан әрі – цифрлық орта субъектілері).";

9-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмек көрсетуге байланысты нақты шығындарының дербестендірілген есебін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін МЦЖ-ның болуы;"

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Цифрлық орта субъектісі жауапты адамның деректерін және талап етілетін қол жеткізу мерзімін көрсете отырып, ресми сұрау салу ұсынылғаннан кейін жұмыс органына цифрлық ресурстарға және денсаулық сақтаудың цифрлық жүйелеріне қол жеткізуді береді. Жұмыс органы жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес медициналық деректерін қорғауды қамтамасыз ететін Кодекстің 62-бабының талаптарына сәйкес ұсынылған қол жеткізуді пайдаланады.

17. Референттік денсаулық сақтау субъектілер жұмыс органына осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарында көрсетілген ақпаратты Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне (бұдан әрі – ҚР Цифрлық кодексі) мынадай талаптарға сәйкес электрондық және (немесе) қағаз форматта ұсынады:

1) өтінім материалдары тігіледі, нөмірленеді және ол болған кезде мөрмен және референттік денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе оны алмастыратын адамның немесе құзыретіне бухгалтерлік есеп және қаржы мәселелері кіретін басшы орынбасарының қолымен расталады;

2) қаржы құжаттарына референтті денсаулық сақтау субъектісінің басшысы және бас бухгалтері немесе оларды алмастырушы адамдар қол қояды және референтті денсаулық сақтау субъектілерінің мөрімен бар болғанда куәландырады;

3) электрондық форматта ұсынылатын ақпаратты ҚР Цифрлық кодексіне сәйкес референттік денсаулық сақтау субъектілері рәсімдейді.";

32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Тарифтерді пилоттық тестілеу уәкілетті органның шешімі негізінде денсаулық сақтау субъектілерінің қатысуымен денсаулық сақтаудың цифрлық жүйелерінде жүргізіледі.

33. Тарифтерді пилоттық тестілеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- 1) тарифтерді пилоттық тестілеу рәсімдерін тиісінше іске асыруды қамтамасыз ету үшін жұмыс тобын құру;
- 2) цифрлық орта субъектілерімен денсаулық сақтаудың цифрлық жүйелерін әзірлеу;
- 3) денсаулық сақтау субъектілерінің тарифтерді пилоттық тестілеуді өткізу үшін деректерді денсаулық сақтаудың цифрлық жүйелеріне енгізу;
- 4) жұмыс органымен денсаулық сақтаудың цифрлық жүйелерінен алынған деректерге талдауды жүргізу;
- 5) жұмыс органымен тарифтерді пилоттық тестілеу нәтижелері бойынша есепті қалыптастыру.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Қабылдануы осы Қағидалардың 36-тармағында көзделген уәкілетті орган актісінің көшірмесі қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде цифрлық орта субъектісіне, жұмыс органына жіберіледі. Цифрлық орта субъектісі тиісті ақпаратты алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде цифрлық ресурстарға және денсаулық сақтаудың цифрлық жүйелеріне енгізеді.";

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшамен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесінде:

3-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ауыл субъектісі – мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктердің біріне кіретін аудандық маңызы бар қала, аудан, ауылдық округ, ауыл, кент және "Бекітілген халық тіркелімі" цифрлық жүйесінде (бұдан әрі – "БХТ" ЦЖ) тіркелген халыққа қызметтер кешенін ұсынатын аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектісі";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ауыл халқына ТМККК шеңберінде қызметтер көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив (бұдан әрі – ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив) – түзету коэффициенттерін ескере отырып, "БХТ" ЦЖ-да тіркелген бір ауыл тұрғынына шаққандағы ТМККК шеңберінде көрсетілетін қызметтері кешенінің құны";

13), 14), 15), 16) және 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" цифрлық жүйесі (бұдан әрі – "ДНЭТ" ЦЖ) – диспансерлік науқастарды уақтылы анықтаудың, тұрақты байқаудың және тұрақты сауықтырудың бірыңғай цифрлық жүйесі;

14) "ДНЭТ" ЦЖ-ның "Наркологиялық науқастардың тіркелімі" кіші жүйесі (бұдан әрі – ННТ) – психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан туындаған психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың деректерін цифрлық тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай цифрлық жүйесі;

15) "ДНЭТ" ЦЖ-ның "Психикалық науқастардың тіркелімі" кіші жүйесі (бұдан әрі – ПНТ) – психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың деректерін цифрлық тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай цифрлық жүйесі;

16) "ДНЭТ" ЦЖ-ның "Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі" кіші жүйесі (бұдан әрі – ТАНҰТ) – туберкулезбен ауыратын науқастардың деректерін цифрлық тіркеу, есепке алу, өңдеу және сақтаудың бірыңғай цифрлық жүйесі;

17) достық кабинетіне жүгінген халықтың негізгі топтарынан бір адамға арналған тариф – достық кабинетіне жүгінген халықтың негізгі топтарының біріне шаққандағы ТМККК шеңберінде медициналық көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;"

27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив (бұдан әрі – МСАК КЖН) – МСАК денсаулық сақтау субъектісіне "БХТ" ЦЖ-да тіркелген бекітілген бір адамға ТМККК шеңберінде МСАК қызметтері кешенінің құны;"

34) тармақша алып тасталсын;

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"36) психикалық денсаулық орталығының бір науқасына арналған кешенді тариф – "ДНЭТ" ЦЖ-ның ННТ және ПНТ кіші жүйелерінде тіркелген бір науқасқа шаққандағы ТМККК шеңберінде психикалық денсаулық орталықтарының науқастарға медициналық-әлеуметтік көрсетілетін қызметтер кешенінің құны;"

44) тармақша алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметке байланысты:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі), "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленген нормативтер бойынша, жұмыскерлерге қосымша ақшалай төлемдер және денсаулық сақтау жүйесінің медицина жұмыскерлерінің жалақысын арттыруды қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілері жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу;

2) Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес әлеуметтік салықты, қосылған құн салығын қоса алғанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған аударымдар және (немесе) жарналар, "Медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидаларын бекіту туралы" 2024 жылғы 24 шілдедегі № 58 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34803 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен медицина қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыруға арналған шығыстар;

3) клиникалық хаттамаларға және тиісті жылға арналған бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесіне сәйкес дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды, шығыс материалдарын, сондай-ақ дәрі қобдишалар, арнайы емдік өнімдерді сатып алу (қамтамасыз ету);

4) "Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заттай нормаларын және жұмсақ мүкәммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы № 128 қаулысына сәйкес пациенттерді тамақтандыру және жұмсақ мүкәммалмен жарақтандыру;

5) Еңбек кодексіне сәйкес кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

6) коммуналдық қызметтерге: жылуға, электр қуатына, ыстық және суық суға ақы төлеу;

7) өзге шығыстарды, оның ішінде байланыс қызметтері, интернетті қоса алғанда, іссапар шығыстары, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, үй-жайды жалға алу, кеңсе және шаруашылық тауарларын, жанар-жағармай материалдарын, басқа тауарлар мен қызметтерді сатып алу (қамтамасыз ету), оның ішінде цифрлық жүйелерге қызмет көрсету, медициналық техникаға сервистік қызмет көрсету, банк қызметтеріне ақы төлеу;

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастыру кезінде рентабельділік және пайда қосылмайды.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастыру Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жыл сайын кезеңділікпен жүзеге асырылады.

Тарифтерді қалыптастыру кезінде ақпарат көздері Қағидалармен бекітілген нысандар, денсаулық сақтаудың цифрлық жүйелерінің деректері және басқа да көздер болып табылады.

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді Кодекстің 7-бабының 65) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. МСАК КЖН айына "БХТ" ЦЖ-да МСАК субъектісіне тіркелген, бекітілген бір тұрғынға айқындалады.";

8, 8-2 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Айына МСАК субъектісіне "БХТ" ЦЖ-да тіркелген бекітілген бір адамға МСАК КЖН есебі түзету коэффициенттерін ескере отырып, кешенді формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{МСАК КЖН} = \text{КЖНбаз.МСАК} \times \text{ЖЖК}_{\text{мсак}} + \text{КЖНбаз.МСАК} \times (\text{Ктығыз.аудан} - 1) + \text{КЖНбаз.МСАК} \times (\text{Кжылыту аудан} - 1) + \text{КЖНбаз.МСАК} \times (\text{Кэколог.} - 1) + \text{КЖНбаз.МСАК} \times (\text{Кауыл обл.} - 1) + \text{КЖНбаз.МСАК} \times (\text{К}_{\text{ұжк}} - 1) + \text{КЖНбаз.МСАК} \times (\text{К}_{\text{БайқоңырАЕК}} - 1) + \text{КЖНбаз.МСАК} \times (\text{Кп} - 1),$$
 мұндағы:

КЖНбаз.МСАК – "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, бекітілген бір адамға айына түзету коэффициенттерін ескерусіз айқындалған МСАК субъектілері үшін алдағы қаржы жылына арналған МСАК базалық кешенді жан басына шаққандағы нормативі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:



$V_{\text{мсак_ҚР}}$ – Қазақстан Республикасы бойынша халыққа МСАК көрсетуге арналған қаржыландырудың жоспарланған жылдық көлемі;

$V_{\text{экол_ҚР}}$ – "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ) және "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ) сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын облыстар үшін экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

$S_{\text{кр}}$ – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы

бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, Қазақстан Республикасының барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

m – МСАК-ті қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны;

ЖЖКкр – Қазақстан Республикасы халқының орташа жыныстық-жастық құрылымы бойынша "БХТ" ЦЖ деректерінің негізінде есептелген Қазақстан Республикасы деңгейінде халықтың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ЖЖКкр} = (\text{ЖЖКобл.1} + \text{ЖЖКобл.2} + \dots + \text{ЖЖКобл. i}) / n, \text{ мұндағы:}$$

n – өңірлер саны

ЖЖКобл. – өңір бойынша халықтың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ЖЖКобл.} = \sum (\text{Собл. } k/n \times \text{ЖЖКмсак}(n)) / \text{Собл.}, \text{ мұндағы:}$$

Собл. – "БХТ" ЦЖ тіркелген өңірдің бекітілген халқының саны;

Собл. k/n – "БХТ" ЦЖ тіркелген жыныстық-жас тобына жататын халықтың нөмірі n , өңірдің бекітілген халық саны нөмірі k ;

ЖЖКмсак(n) – осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес жыныстық-жастық топтың n нөмірінің жыныстық-жастық түзету коэффициенті;

МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны және халықтың жыныстық-жастық құрамы алдағы қаржы жылына арналған МСАК көрсетуге арналған қаржыландыру көлемін есептеу немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылатын халықты еркін бекіту науқанының нәтижелері бойынша немесе айдың соңғы күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ базасынан халық бойынша деректер негізінде айқындалады.

Ктығыз.ҚР – Қазақстан Республикасы бойынша халық тығыздығының орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Ктығыз.ҚР} = (\text{Ктығыз.аудан.1} \times \text{Саудан1} + \text{Ктығыз.аудан2} \times \text{Саудан2} + \dots + \text{Ктығыз.аудан.i} \times \text{Саудан i}) / n, \text{ мұндағы:}$$

n – аудандар саны

Ктығыз.аудан – осы аудан/қала бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Ктығыз.аудан} = 1 + C \times \text{Тығыз.ҚР} / \text{Тығыз.аудан халқ.}, \text{ мұндағы:}$$

C – республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда, аудандардың, қалалардың халық санынан халық тығыздығының ауытқуы ескерілетін салмақ (Пирсонның сызықтық корреляция коэффициентін есептеу);

Тығыз.ҚР – Қазақстан Республикасы бойынша халықтың орташа тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Тығыз.ҚР} = S_{\text{кр}} / S_{\text{кр}}, \text{ мұндағы:}$$

Скр – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, Қазақстан Республикасының барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

Скр – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағының ауданы;

Тығыз.аудан халқ. – аудан, қала халқының тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Тығыз.аудан халқ. = Саудан / Саудан, мұндағы:

Саудан – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, тиісті ауданның, қаланың барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

Саудан – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес тиісті ауданның, қаланың аумағының ауданы.

Аудандар мен ауылдық елді мекендердегі халық тығыздығының коэффициенті 2 (екіден) артық есептелген кезде, тығыздық коэффициенті 2 (екіге) тең.

Моноқалаларда және шағын қалаларда халыққа қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін тығыздық коэффициенті 1,5 (бір жарымға) тең.

Қала халқына қызмет көрсететін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыс орталықтарының МСАК субъектілері үшін халық тығыздығының коэффициенті 1 (бірлікке) тең.

Кауыл.ҚР – Қазақстан Республикасы бойынша ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алудың орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Кауыл.ҚР = (Кауыл.обл. 1 × Собл.1 + Кауыл.обл.2 × Собл.2 + ... + Кауыл. обл.і × Собл.і) / n, мұндағы:

n – өңірлер саны

Кауыл.обл. – облыстар үшін ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Кауыл.обл. = 1 + 0,25 × (Сауыл і / Собл.і × ЕҮауыл), мұндағы:

ЕҮауыл – ауыл субъектілерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлемінде лауазымдық жалақы бойынша еңбекақы төлеуге шығындар үлесі;

Сауыл – осы аудан немесе ауыл бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген МСАК көрсететін ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны;

Собл – "БХТ" ЦЖ-да тіркелген өңірдің бекітілген халық саны.

Қала және ауыл халқына қызмет көрсететін МСАК денсаулық сақтау субъектілері үшін ауылдық жердегі жұмысы үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті ауыл

халқының санына байланысты қолданылады, қала халқы үшін коэффициент 1 (бірлікке) тең.

Экологиялық түзету коэффициенті Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес экологиялық апат аймақтарында және Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын жұмыскерлерге қосымша үстемеақымен қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілеріне көзделеді.

$K_{\text{эколог.}} = (V_{\text{мсак}} + V_{\text{экол.}}) / V_{\text{мсак}}$, мұндағы:

$V_{\text{мсак}}$ – МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

$V_{\text{экол.}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.

КжылытуҚР – Қазақстан Республикасы бойынша жылыту маусымының ұзақтығын есепке алудың орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$K_{\text{жылытуҚР}} = (K_{\text{жылыту аудан1}} \times \text{Саудан1} + K_{\text{жылыту аудан2}} \times \text{Саудан2} + \dots + K_{\text{жылыту аудан i}} \times \text{Саудан i}) / n$, мұндағы:

n – аудандар саны

$K_{\text{жылыту аудан}}$ – аудан, қала (оның ішінде республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$K_{\text{жылыту аудан}} = 1 + Y_{\text{жылыту}} \times (K_{\text{аудан}} - K_{\text{ҚР/орта.}}) / K_{\text{ҚР/орта.}}$, мұндағы:

$Y_{\text{жылыту}}$ – өткен жылғы тиісті ауданда, қалада амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің деректері негізінде ағымдағы шығындардың жалпы жылдық көлемінде жылытудың жылдық көлеміне арналған шығындардың үлесі;

$K_{\text{аудан}}$ – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалған аудан, қала бойынша жылыту маусымының кезеңі;

$K_{\text{ҚР/орта.}}$ – Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылыту маусымының кезеңі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$K_{\text{ҚР/орта.}} = (K_{\text{аудан 1}} + K_{\text{аудан 2}} + \dots + K_{\text{аудан i}}) / n$

n – Қазақстан Республикасы аудандарының саны.

$K_{\text{ұәк}}$ – өңірлік медициналық ұйымдарға ҰӘК көрсету үшін денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарға және республикалық МСАК орталығына қолданылатын коэффициент, ол мынадай формулаға сәйкес айқындалады:

$K_{\text{ұжк}} = 1 + (S \text{ іссапар шығындары} + \text{ЕАҚ тартыл.персонал}) / (V \text{ МСАК қарж.}),$
мұндағы:

S іссапар шығыстары – денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдардың және республикалық МСАК орталығының іссапар шығыстарына жұмсалатын шығындардың жылдық сомасы;

ЕАҚ тартыл.персонал – басшының орынбасарының 1 штат бірлігіне, құрылымдық бөлімшелер басшыларының 3 штат бірлігіне, сарапшы дәрігердің 4 штат бірлігіне (жоғары медициналық білімі бар), дәрігер-статистің 6 штат бірлігіне, сарапшының 6 штат бірлігіне, экономистің 0,5 штат бірлігіне, заңгердің 0,5 штат бірлігіне, IT-маманның 0,5 штат бірлігіне есептегенде тартылатын персоналдың еңбегіне ақы төлеу қоры.

V МСАК қарж. – ағымдағы жылдың бекітілген халқын ескере отырып, МСАК бойынша өткен жылғы жалпы шығыстардың жылдық сомасы.

$K_{\text{БайқоңырАЕК}}$ – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарына МСАК көрсететін медициналық ұйымдарға арналған түзету коэффициенті.

$K_{\text{БайқоңырАЕК}} = (V_{\text{аек}} + V_{\text{қос_аек}}) / V_{\text{аек}},$ мұндағы:

$V_{\text{аек}}$ – өткен жыл үшін Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісін қаржыландыру көлемі;

$V_{\text{қос_аек}}$ – МСАК субъектісіне Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы медициналық қызметкерлердің жалақысы және коммуналдық қызметтер бойынша шығындар айырмасын өтеуге арналған қосымша қажеттілік сомасы;

$V_{\text{қос_аек}} = V_{\text{аж_қосаек}} + V_{\text{комм_қосаек}},$ мұндағы:

$V_{\text{аж_қосаек}}$ – медициналық қызметкерлердің жалақысы бойынша Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы шығындар айырмасын өтеуге арналған қосымша қажеттілік сомасы:

$V_{\text{аж_қосаек}} = (A_{\text{Ждмқ_рф}} \times C_{\text{дмқ}} + A_{\text{Жобмқ_рф}} \times C_{\text{обмқ}} + A_{\text{Жкмқ_рф}} \times C_{\text{кмқ}}) - (A_{\text{Ждмқ_кр}} \times C_{\text{дмқ}} + A_{\text{Жобмқ_кр}} \times C_{\text{обмқ}} + A_{\text{Жкмқ_кр}} \times C_{\text{кмқ}}),$ мұндағы:

$A_{\text{Ждмқ_рф}}$ – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде орналасқан Ресей Федерациясының медициналық ұйымындағы дәрігерлік медициналық қызметкерлердің (бұдан әрі – дмқ) орташа айлық жалақысы;

$A_{\text{Жобмқ_рф}}$ – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде орналасқан Ресей Федерациясының медициналық ұйымындағы орта буын медициналық қызметкерлердің (бұдан әрі – обмқ) орташа айлық жалақысы;

$A_{\text{Жкмқ_рф}}$ – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде орналасқан Ресей Федерациясының медициналық ұйымындағы кіші медициналық қызметкерлердің (бұдан әрі – кмқ) орташа айлық жалақысы;

$A_{\text{Ждмқ_кр}}$ – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде орналасқан Қазақстан Республикасының медициналық ұйымындағы дмқ орташа айлық жалақысы;

АЖобмқ_кр – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде орналасқан Қазақстан Республикасының медициналық ұйымындағы обмқ орташа айлық жалақысы;

АЖкмқ_кр – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде орналасқан Қазақстан Республикасы медициналық ұйымындағы кмқ орташа айлық жалақысы;

Сдмқ – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде МСАК көрсететін дмқ саны;

Собмқ – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде МСАК көрсететін обмқ саны;

Скмқ – Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде МСАК көрсететін кмқ саны;

$V_{\text{комм_қосаек}}$ – МСАК субъектісіне Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы коммуналдық қызметтер бойынша шығындар айырмасын өтеуге арналған қосымша қажеттілік сомасы;

$$V_{\text{комм_қосаек}} = (V_{\text{э/э1}} \times T_{\text{э/э_рф}} \times Ba + V_{\text{э/э2}} \times T_{\text{э/э_рф}} \times Ba + \dots + V_{\text{э/э12}} \times T_{\text{э/э_рф}} \times Ba) + (V_{\text{с/с1}} \times T_{\text{с/ж_рф}} \times Ba + V_{\text{с/с2}} \times T_{\text{с/ж_рф}} \times Ba + \dots + V_{\text{с/с12}} \times T_{\text{с/ж_рф}} \times Ba) + (V_{\text{к1}} \times T_{\text{к_рф}} \times Ba + V_{\text{к2}} \times T_{\text{к_рф}} \times Ba + \dots + V_{\text{к12}} \times T_{\text{к_рф}} \times Ba) - (V_{\text{э/э1}} \times T_{\text{э/э_кр}} + V_{\text{э/э2}} \times T_{\text{э/э_кр}} + \dots + V_{\text{э/э12}} \times T_{\text{э/э_кр}}) + (V_{\text{с/с1}} \times T_{\text{с/ж_кр}} + V_{\text{с/с2}} \times T_{\text{с/ж_кр}} + \dots + V_{\text{с/с12}} \times T_{\text{с/ж_кр}}) + (V_{\text{к1}} \times T_{\text{к_кр}} + V_{\text{к2}} \times T_{\text{к_кр}} + \dots + V_{\text{к12}} \times T_{\text{к_кр}}), \text{ мұндағы:}$$

$V_{\text{э/э1}}, V_{\text{э/э2}} \dots V_{\text{э/э12}}$ – өткен жылдың тиісті айлары бойынша Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде МСАК көрсететін медициналық ұйымдардың тұтынған электр энергиясының көлемі;

$V_{\text{с/с1}}, V_{\text{с/с2}} \dots V_{\text{с/с12}}$ – өткен жылдың тиісті айлары бойынша Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде МСАК көрсететін медициналық ұйымдардың тұтынған су көлемі;

$V_{\text{к1}}, V_{\text{к2}} \dots V_{\text{к12}}$ – өткен жылдың тиісті айлары бойынша Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде МСАК көрсететін медициналық ұйымдарға көрсетілген кәріз қызметтерінің көлемі;

$T_{\text{э/э_рф}}$ – Байқоңыр қаласындағы Ресей Федерациясының энергиямен жабдықтаушы ұйымының электр энергиясы тарифі;

$T_{\text{э/э_кр}}$ – Қазақстан Республикасы Қызылорда облысындағы электр энергиясы тарифі;

$T_{\text{с/ж_рф}}$ – Байқоңыр қаласындағы Ресей Федерациясының сумен жабдықтаушы ұйымының сумен жабдықтау тарифі;

$T_{\text{с/ж_кр}}$ – Қазақстан Республикасы Қызылорда облысындағы сумен жабдықтау тарифі;

$T_{\text{к_рф}}$ – Байқоңыр қаласындағы Ресей Федерациясының суды бұру тарифі;

$T_{\text{к_кр}}$ – Қазақстан Республикасы Қызылорда облысындағы суды бұру тарифі;

Ba – рубльді теңгеге қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырма.

K_n – МСАК КЖН-ге қолданылатын түзету коэффициенттері (экологиялық коэффициент, ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті, жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті және басқа коэффициенттер).

8-2. МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге арналған жан басына шаққандағы норматив айына ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне бекітілген бір қала тұрғынына (облыстық, республикалық маңызы бар қалаға және астанаға) айқындалады және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$ЖН_{ірілендіру} = V_{ірілендіру} / S_{халқ.ірілендіру}$ үшін/ m , мұндағы:

$ЖН_{ірілендіру}$ – МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге арналған жан басына шаққандағы норматив;

$V_{ірілендіру}$ – халыққа МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге Қазақстан Республикасы бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

$S_{халқ.ірілендіру}$ үшін – ірілендіруге жататын МСАК медициналық ұйымдарында бекітілген қала халқының есептесу саны;

m – МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруді қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлар саны.

Ірілендіру МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін бекітілген халық саны 10 мың адамға дейінгі жана МСАК орталықтарын құру жолымен 30 мыңнан асатын бекітілген халық саны бар МСАК ұйымдарында (қала халқына қызмет көрсететін облыстық, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада) жүргізіледі.

Бір бекітілген тұрғынға (облыстық, республикалық маңызы бар қала және астана) МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге түзету коэффициенттері ескеріле отырып, айына ірілендіруге жататын МСАК субъектісіне жан басына шаққандағы нормативтің есебі мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$ЖН_{ірілендіру\ обл.i} = ЖН_{ірілендіру} \times K_{жжк.қала.i} + ЖН_{ірілендіру} \times (K_{тығыз.аудан\ i} - 1) + ЖН_{ірілендіру} \times (K_{жылыту\ аудан\ i} - 1) + ЖН_{ірілендіру} \times (K_{эколог.обл.\ i} - 1)$, мұндағы:

$K_{тығыз.аудан}$ – осы аудан/қала бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$K_{тығыз.аудан} = 1 + C \times Тығыз.ҚР / Тығыз.аудан\ халқ.$, мұндағы:

C – республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда, аудандардың, қалалардың халық санынан халық тығыздығының ауытқуы ескерілетін салмақ (Пирсонның сызықтық корреляция коэффициентін есептеу);

$Тығыз.ҚР$ – Қазақстан Республикасы бойынша орташа халық тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Тығыз.ҚР = $S_{кр}/S_{кр}$, мұндағы:

$S_{кр}$ – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, Қазақстан Республикасының барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

$S_{кр}$ – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағының ауданы;

Тығыз.аудан халқ. – аудан, қала халқының тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады.

Тығыз.аудан халқ. = $S_{аудан} / S_{аудан}$, мұндағы:

$S_{аудан}$ – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, тиісті ауданның, қаланың МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

$S_{аудан}$ – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес тиісті аудан, қала аумағының ауданы;

Аудандар мен ауылдық елді мекендердегі халық тығыздығының коэффициенті 2 (екіден) артық есептелген кезде, тығыздық коэффициенті 2 (екіге) тең.

Моноқалаларда және шағын қалаларда халыққа қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін тығыздық коэффициенті 1,5 (бір жарымға) тең.

Қала халқына қызмет көрсететін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыс орталықтарының МСАК субъектілері үшін халық тығыздығының коэффициенті 1 (бірлікке) тең.

Кжылыту аудан – аудан, қала (оның ішінде республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Кжылыту аудан = $1 + Y_{жылыту} \times (K_{аудан} - K_{ҚР/орта.}) / K_{ҚР/орта.}$, мұндағы:

Кжылыту аудан – аудан үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

$Y_{жылыту}$ – өткен жылға тиісті ауданда, қалада амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің деректері негізінде ағымдағы шығындарының жалпы жылдық көлеміндегі жылытудың жылдық көлемінің шығындарының үлесі;

$K_{аудан}$ – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалған аудан, қала бойынша жылыту маусымының кезеңі;

$K_{ҚР/орта.}$ – Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылу маусымының кезеңі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$K_{ҚР/орта.} = (Каудан\ 1 + Каудан\ 2 + \dots + Каудан\ i) / n$

n – Қазақстан Республикасы аудандарының саны

Экологиялық түзету коэффициенті Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес экологиялық апат аймақтарында және Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын жұмыскерлерге қосымша ақыларды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілеріне көзделеді.

$K_{эколог. i} = (V_{мсак} + V_{экол.}) / V_{мсак}$, мұндағы:

$V_{мсак}$ – МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге қаржыландыру көлемі;

$V_{экол.}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын экологиялық апат аймақтарындағы жұмыс үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.

Қала және ауыл халқына қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін ауылдық жерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті ауыл халқының санына ғана қолданылады, қала халқы үшін коэффициент 1 (бірлікке) тең.

$K_{жжк.қала.i}$ – өңір бойынша қала халқының медициналық қызметтерді тұтынуының жыныстық-жасына байланысты түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$K_{жжк.қала.i} = \sum (C_{қала\ k/n} \times ЖЖК_{мсак(n)}) / C_{қала}$, мұндағы:

$C_{қала}$ – "БХТ" ЦЖ-да өңірдің тіркелген қала халқының саны;

$C_{қала\ k/n}$ – "БХТ" ЦЖ тіркелген өңірдің бекітілген қала халқының саны жыныстық жас тобына жататын халықтың k нөмірі n нөмірі;

$ЖЖК_{мсак(n)}$ – МСАК кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына кестеге сәйкес n нөмірі жыныстық жас тобының жыныстық-жас түзету коэффициенті;

МСАК субъектісіне бекітілген халық саны мен халықтың жыныстық-жас құрамы халықтың еркін бекіту науқанының нәтижелері бойынша немесе алдағы қаржы жылына МСАК көрсетуге қаржыландыру көлемін есептеу немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылатын айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша "БХТ" ЦЖ базасынан халық бойынша деректер негізінде айқындалады.

Ірілендіру бекітілген халық саны 10 мың адамға дейін жаңа МСАК орталықтарын құру жолымен бекітілген халық саны 30 мыңнан асатын МСАК ұйымдарында (қала халқына қызмет көрсететін облыстық, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада) МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

K_n – МСАК қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК ұйымдарын ірілендіруге арналған жан басына шаққандағы нормативке қолданылатын түзету коэффициенттері (

экологиялық коэффициент, ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті, жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті және басқа коэффициенттер).

9. Айына МСАК субъектісіне "БХТ" ЦЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға кезек күттірмейтін көмек (бұдан әрі – КК) көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативті есептеу кешенді формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{ЖН_КК} = \text{ЖНбаз.ККҚР} \times \text{ЖЖК КК} + \text{ЖНбаз.ККҚР} \times (\text{Ктығыз.аудан} - 1) + \text{ЖНбаз.ККҚР} \times (\text{Кжылыту аудан} - 1) + \text{ЖНбаз.ККҚР} \times (\text{Кауыл обл.} - 1) + \text{ЖНбаз.ККҚР} \times (\text{Кэколог.} - 1) + \text{ЖНбаз.ККҚР} \times (\text{Кп} - 1),$$
 мұндағы:

ЖНбаз.ККҚР – Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай болып табылатын түзету коэффициенттері ескерілмей айқындалған, бір айға "БХТ" ЦЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға арналған КК базалық жан басына шаққандағы норматив, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ЖНбаз.ККҚР} = \text{ЖНорта.ККҚР} / (\text{ЖЖК ҚР} + (\text{Ктығыз.ҚР} - 1) + (\text{КжылытуҚР} - 1) + (\text{КауылҚР} - 1)),$$
 мұндағы:

ЖНорта.ККҚР – алдағы қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасы бойынша айына бір тұрғынға КК көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативтің орташа компоненті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ЖНорта.ККҚР} = (V \text{ ККҚР} - V \text{ экол_кр}) / \text{Скр} / m,$$
 мұндағы:

V ККҚР – халыққа КК көрсетуге арналған Қазақстан Республикасы бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

V экол_кр – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

Скр – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижелері бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген халықтың КК көрсету бойынша барлық денсаулық сақтау субъектілеріне бекітілген халық саны;

m – КК қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны.

ЖЖК ҚР – Қазақстан Республикасы халқының жыныстық-жастық құрылымы бойынша "БХТ" ЦЖ деректерінің негізінде есептелген Қазақстан Республикасы деңгейінде халықтың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ЖЖК ҚР} = (\text{ЖЖКобл.1} + \text{ЖЖКобл.2} + \dots + \text{ЖЖКобл.i}) / n,$$
 мұндағы:

n – өңірлер саны

ЖЖКобл. – өңір бойынша халықтың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$ЖЖК_{обл.} = \sum (С_{обл.} \cdot k/n \times ЖЖК_{мсаk(n)}) / С_{обл.}$, мұндағы:

С_{обл.} – "БХТ" ЦЖ тіркелген өңірдің бекітілген халық саны;

С_{обл. k/n} – "БХТ" ЦЖ тіркелген жыныстық-жас тобына жататын халықтың нөмірі n, өңірдің бекітілген халық саны нөмірі k;

ЖЖК_{мсаk(n)} – осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес жыныстық-жастық топтың жыныстық-жастық түзету коэффициенті n нөмірі;

МСАК субъектісіне бекітілген халық саны және халықтың жыныстық-жас құрамы халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижелері бойынша немесе айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша "БХТ" ЦЖ базасынан халық бойынша деректер негізінде айқындалады, олар алдағы қаржы жылына арналған МСАК көрсетуге арналған қаржыландыру көлемін есептеу немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылады.

Ктығыз.ҚР – Қазақстан Республикасы бойынша халық тығыздығының орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Ктығыз.ҚР = (Ктығыз.аудан\ 1 \times Саудан\ 1 + Ктығыз.аудан\ 2 \times Саудан\ 2 + \dots + Ктығыз.аудан\ i \times Саудан\ i) / n$, мұндағы:

n – аудандар саны

Ктығыз.аудан – осы аудан/қала бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Ктығыз.аудан = 1 + C \times Тығыз.ҚР / Тығыз.аудан\ халқ.$, мұндағы:

C – республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда, аудандардың, қалалардың халық санынан халық тығыздығының ауытқуы ескерілетін салмақ (Пирсонның сызықтық корреляция коэффициентін есептеу);

Тығыз.ҚР – Қазақстан Республикасы бойынша халықтың орташа тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Тығыз.ҚР = С_{кр} / S_{кр}$, мұндағы:

S_{кр} – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижелері бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, Қазақстан Республикасының барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

S_{кр} – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағының ауданы;

Тығыз.аудан халқ. – аудан, қала тұрғындарының тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Тығыз.аудан\ халқ. = Саудан / S_{аудан}$, мұндағы:

S_{аудан} – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, тиісті ауданның, қаланың барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

Саудан – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес тиісті ауданның, қаланың аумағының ауданы.

Аудандар мен ауылдық елді мекендердегі халық тығыздығының коэффициенті 2 (екіден) артық есептелген кезде, тығыздық коэффициенті 2 (екіге) тең.

Моноқалаларда және шағын қалаларда халыққа қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін тығыздық коэффициенті 1,5 (бір жарымға) тең.

Қала халқына қызмет көрсететін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыс орталықтарының МСАК субъектілері үшін халық тығыздығының коэффициенті 1 (бірлікке) тең.

КауылҚР – Қазақстан Республикасы бойынша ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алудың орташа коэффициенті, ол мына формула бойынша айқындалады:

$$\text{КауылҚР} = (\text{Кауыл.обл.1} \times \text{Собл.1} + \text{Кауыл.обл.2} \times \text{Собл.2} + \dots + \text{Кауыл.обл.i} \times \text{Собл.i}) / n, \text{ мұндағы:}$$

n – өңірлер саны

Кауыл.обл. – облыстар үшін ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Кауыл.обл.i} = 1 + 0,25 \times (\text{Сауыл.i} / \text{Собл.i} \times \text{ЕҰауыл}), \text{ мұндағы:}$$

ЕҰауыл – ауыл субъектілерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлемінде лауазымдық жалақы бойынша еңбекақы төлеуге шығындар үлесі;

Сауыл – осы аудан немесе ауыл бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген МСАК көрсететін ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны;

Собл. – "БХТ" ЦЖ-да тіркелген өңірдің бекітілген халық саны.

Қала және ауыл халқына қызмет көрсететін МСАК денсаулық сақтау субъектілері үшін ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті ауыл халқының санына ғана қолданылады, қала халқы үшін коэффициент 1 (бірлікке) тең.

Экологиялық түзету коэффициенті Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес экологиялық апат аймақтарында және Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын жұмыскерлерге қосымша ақыларды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілеріне көзделеді.

$$K_{\text{эколог.}} = (V_{\text{мсак}} + V_{\text{экол.}}) / V_{\text{мсак}}, \text{ мұндағы:}$$

$V_{\text{мсак}}$ – МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге қаржыландыру көлемі;

$V_{\text{экол.}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде

қалыптастырылатын экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі.

КжылытуҚР – Қазақстан Республикасы бойынша жылыту маусымының ұзақтығын есепке алудың орташа коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{КжылытуҚР} = (\text{Кжылыту аудан } 1 \times \text{Саудан } 1 + \text{Кжылыту аудан } 2 \times \text{Саудан } 2 + \dots + \text{Кжылыту аудан } i \times \text{Саудан } i) / n, \text{ мұндағы:}$$

n – аудандар саны

Кжылыту аудан – аудан, қала (оның ішінде республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Кжылыту аудан} = 1 + \text{Ұжылыту} \times (\text{Каудан} - \text{КҚР/орта.}) / \text{КҚР /орта.}, \text{ мұндағы:}$$

Кжылыту аудан – аудан үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

Ұжылыту – өткен жылғы тиісті ауданда, қалада амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің деректері негізінде ағымдағы шығындардың жалпы жылдық көлемінде жылытуды жылдық көлеміне шығындардың үлесі;

Каудан – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалған аудан, қала бойынша жылыту маусымының кезеңі;

КҚР/орта. – Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылыту маусымының кезеңі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{КҚР/орта.} = (\text{Каудан } 1 + \text{Каудан } 2 + \dots + \text{Каудан } i) / n$$

n – Қазақстан Республикасы аудандарының саны.

K_n – КК көрсетуге арналған жан басына шаққандағы нормативке қолданылатын түзету коэффициенттері (экологиялық коэффициент, ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті, жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті және басқа коэффициенттер).";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Денсаулық сақтау басқармасы басшысының бұйрығы негізінде бір айға МСАК субъектісіне бекітілген бір оқушыға интернат ұйымдарына жатпайтын орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына медициналық көмек көрсетуге арналған түзету коэффициенттерін ескере отырып, жан басына шаққандағы нормативтің есебі, ол мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{ЖНММ} = \text{ЖНММ ҚР} \times \text{Ктығыз.аудан} + \text{ЖНММ ҚР} \times (\text{Кжылыту аудан} - 1) + \text{ЖНММ ҚР} \times (\text{Кэколог.} - 1) + \text{ЖНММ ҚР} \times (\text{Кауыл.обл.} - 1), \text{ мұндағы:}$$

Ктығыз.аудан – осы аудан/қала бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Ктығыз.аудан = $1 + C \times \text{Тығыз.ҚР} / \text{Тығыз.аудан халқ.}$, мұндағы:

C – республикалық маңызы бар қалаларды және астананы қоспағанда, аудандардың, қалалардың халық санынан халық тығыздығының ауытқуы ескерілетін салмақ (Пирсонның сызықтық корреляция коэффициентін есептеу);

Тығыз.ҚР – Қазақстан Республикасы бойынша халықтың орташа тығыздығы, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Тығыз.ҚР = $S_{кр} / S_{кр}$, мұндағы:

$S_{кр}$ – халықтың еркін бекітілу науқаны нәтижелері бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күніндегі жағдай бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген Қазақстан Республикасының барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

$S_{кр}$ – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағының ауданы;

Тығыз.аудан халқ. – аудан немесе қаладағы халықтың тығыздығы мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

Тығыз.аудан халқ. = $S_{аудан} / S_{аудан}$, мұндағы:

$S_{аудан}$ – халықтың еркін бекітілу науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың сол күндегі жағдайы бойынша "БХТ" ЦЖ-да тіркелген, тиісті ауданның, қаланың барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халық саны;

$S_{аудан}$ – ресми статистикалық ақпарат деректеріне сәйкес тиісті ауданның, қаланың аумағының ауданы;

Аудандар мен ауылдық елді мекендердегі халық тығыздығының коэффициенті 2 (екіден) артық есептелген кезде, тығыздық коэффициенті 2 (екі) тең.

Моноқалаларда және шағын қалаларда халыққа қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін тығыздық коэффициенті 1,5 (бір жарымға) тең.

Қала халқына қызмет көрсететін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және облыс орталықтарының МСАК субъектілері үшін халық тығыздығының коэффициенті 1 (бірлікке) тең.

Кжылыту аудан – аудан, қала (оның ішінде республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық маңызы бар қала) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

Кжылыту аудан = $1 + Y_{жылыту} \times (K_{аудан} - K_{ҚР/орта.}) / K_{ҚР/орта.}$, мұндағы:

$K_{жылыту}$ аудан – аудан үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

$Y_{жылыту}$ – амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері деректерінің негізінде ағымдағы шығындардың жалпы жылдық көлеміндегі жылытудың жылдық көлеміне арналған шығыстардың үлесі;

Каудан – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімінің негізінде айқындалған аудан, қала бойынша жылыту маусымының кезеңі;

КҚРорта. – Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылыту маусымының кезеңі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{КҚРорта.} = (\text{Каудан } 1 + \text{Каудан } 2 + \dots + \text{Каудан } i) / n$$

n – ҚР аудандарының саны

Кауыл.обл. – облыстар үшін ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Кауыл.обл. } i = 1 + 0,25 \times (\text{Сауыл } i / \text{Собл.}i \times \text{ЕҰауыл}), \text{ мұндағы:}$$

ЕҰауыл – ауыл субъектілерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлемінде лауазымдық жалақы бойынша еңбекақы төлеуге шығындар үлесі;

Собл. – "БХТ" ЦЖ-да тіркелген өңірдің бекітілген халық саны;

Сауыл – осы аудан немесе ауыл бойынша "БХТ" ЦЖ-да МСАК көрсететін ауыл субъектісіне бекітілген халық саны.

Қала және ауыл халқына қызмет көрсететін МСАК субъектілері үшін ауылдық жерде жұмыс істегені үшін берілетін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті тек қана ауыл халқының санына қолданылады, қала тұрғындары үшін коэффициент 1 (бірлікке) тең.

Ауылдық елді мекендерде жұмыс істегені үшін үстемеақыларды есепке алу коэффициенті ауыл субъектілеріне қолданылады.

Экологиялық түзету коэффициенті Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес экологиялық апат аймақтарында және Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын жұмыскерлерге қосымша ақыларды қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілеріне көзделеді.

$$\text{Кэколог.} = (V_{\text{мсак}} + V_{\text{экол.}}) / V_{\text{мсак}}, \text{ мұндағы:}$$

$V_{\text{мсак}}$ – МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

$V_{\text{экол.}}$ – Арал өңірі азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ және СЯСП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚРЗ сәйкес облыс деңгейінде қалыптасатын экологиялық апат аймақтарындағы жұмыс үшін үстемеақы.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Түзету коэффициенттерін есепке алғанда бір медициналық қызмет тарифін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

